



КАЗВАК



ӘДДЕБИЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚАҒАПАНЫ

УАҚЫТ – СЫНАП

ЖАРЛЫҚСЫЗ СЫЙЛЫҚ

Жүріс-тұрысы, киім киісі, сөз саптауы ешкімге ұқсай бермейтін Өтежан Нұрғалиевтің ақындығы да кесек. Өз үні, өз қолтаңбасы бар қаламгердің үнемі алшақ басып жүретіні де түсінікті. Жалтақсыз жүрек әманда биіктен тіл қатса керек. Бірақ... тіліп айтқан, батыл сөйлеген адамды кім ұнатсын? Сондықтан да көпшіліктің арасында "Бір түрлі кісі" атанып кеткен ақынның жанын жеп, жадын жанып шыққан жыр шумақтарын кейбіреулер "елей" бергісі, түсінгісі келе бермейді-ау. Пасық пендешілік, көре алмаушылық ұсақтық қой. Әйтпесе, "Соғыстың соңғы жазы", "Афина мектебі" тәрізді терең ойлы, жақұт жырдың жиіазы іспетті туындылардың қазақ поэзиясындағы орны ерек. Оны өрелі де талғампаз оқырман әлі-ақ сүзіп, тізіп оқитын болады.

Ешкіммен қақ-соғы жоқ арқалы ақынның тағдыр тәлкегін белден кешсе де, қасірет іріміне батып кетпегені көңілге медет. Балалы-шағалы отбасы бүкіл ғұмырын қуықтай бір бөлмелі пәтерде өткізу кімге оңай болсын.

Мерейі тасыған Өтежан ақын алпыстың асқарына көтерілген тұста Ақтөбе облысындағы Байғанин ауданына барады. Туған топырағын басып, ұшқан ұясының жұқанағын көріп, өскен-өнген ортасын емин-еркін аралап, қиялына қанат бітіріп, көкірегінде мәңгі қатталған табиғат аясын тамашалап, жерлестерінің ыстық құшағына бөленеді. Жыр аялап, жыр тербеткен ақын жүрегі нәзік-ау, нәзік. Кім көрінген қараптан-қарап үркіп жүретін ақынның бейне бейкүнә сәбидей құлдыраңдап, балаша аңқылдағанын көрсеніз, шіркін! Ауыл іргесіндегі еңселі белеске көтерілгенде көз талар кеңістікке ұласқан биік жоталы тау сілемдері бұрынғыдан бетер көгілдірленіп шалынған. Ғажайып сұлулыққа оранған төңірегіне құмарта, қызыға жанар жүгірткен ақынның жанына жақындаған бала кезгі досы мен ауыл өкімі жарыса тіл қапқан:

– Өте-аға, мына созылып жатқан биік жотаны сізге сыйлаймыз, – дейді жадырап. – Бұл жота ендігі жерде сіздің есіміңізбен аталады. Жергілікті мәслихаттың назарына арнайы ұсыныс жасаймыз.

Елп етіп, ерекше елеңдеген Өтежан өткір көздерін көкжиекке тіктеп:

– Қайсы, жолдың оң қапталындағы өркеш-өркеш мына жотаны айтасыңдар ма?

– Иә!

– Рахмет, жандарым! – Жанарын жас шылаған қайратты да жігерлі ақынның даусы дрілдеп шықты. – Бұдан артық үн керек маған. Жарлықсыз сыйлықтарыңа айтар ризашылық алғысым шексіз. Бұған дейін менде ешқандай атақ та, медаль да, ең ақыры значек те болған емес.

ИМАНҒАЛИДЫҢ ЖҮЗ КІТАБЫ

Үлкен одақ іріп, іргесі сөгілген кез жаңадан егемендік алып, тәуелсіздігін тізгіндеген жас мемлекеттердің қай-қайсысына да ауыр сын болғаны мәлім. Қалт-құлт басқан балауса ел еңсесін бірден тіктеі алмаған-ды. Алып өндіріс ошақтары, зауыттар мен фабрикалар тоқтап, ең ақыры, Қазақстан баспаларынан тәулік сайын жаңа бір кітап дүниеге келіп жататын жайма шуақ күндер көзден бұлбұл ұшқан. Қатарынан бірнеше жыл бойы баспалардан кітаптар шықпай қалды. Қаржы тапшылығы, әсіресе, қалам ұстаған ақын-жазушылардың иығына зілбатпан салмағын түсірген еді.

Осындай қиын шақта қаламгерлерге қол ұшын созып, арнайы назарын аударып, қамқорлық алақанын көрсеткен Премьер-министрдің орынбасары, мәдениет пен руханияттың үлкен жанашыры Иманғали Тасмағамбетов Жазушылар одағына келіп, өз ойын білдірді. Тікелей езінің қадағалауымен кітаптары шықпай, қатты қиналып жүрген үлкенді-кішілі 100 ақын-жазушының 100 кітабын тез арада шығарып беруге уәде етті. Сөйтсе де кезінде бүкіл ел ішінде орындалмайтын мұнарлы сағымдай сезілген бастама хақында әр түрлі алып-қашпа әңгіме тарағаны да жасырын емес. Бірақ... Тасмағамбетовтың табандылығы арқасында жарты жылға жетпейтін

мерзімде Тәуелсіздік мейрамының 10 жылдығы қарсаңында "Отырар кітапханасы" сериясымен республика ақын-жазушыларының 100 кітабы Қазақстан баспаларынан жарық көрді. Аса көркем, өте сапалы безендірілген көз жауын алар кітаптарын қолдарына ұстаған қаламгерлер қуанышын көрсеніз, шіркін! Әдебиет ардагерлерінен бастап, сөз өнері айдынына өз желкендерін көрген балғын қалам иелерінің мерейлері өсіп, бойлары көкке екі елі жетпей қалғандай есерге бөленді. Тың бастаманың жүзеге асқаны жөніндегі алқалы басқосу, "Отырар кітапханасы" сериясымен шыққан туындылардың тұсаукесері Астанадағы Еуразия ұлттық университетінде өтті. Алматыдан жаңа кітаптарын құшақтап келген ақын-жазушылар мәз-мейрам. Шаттық шуағына оранған олар орталарында отырған Иманғали Тасмағамбетовке рахметтерін айтып, алғыстарын жаудырған.

– Уәдең өркім береді, соның нәтижесін көруді айтыңызшы! – деді бір қаламгер қуаныш үстінде. – Ал, уәде Құдайдың екінші аты.

– Тұсауымды Иманғали аға кескендей, – деді тұңғыш кітаптың иесі.

Ал белгілі ақын, аудармашы Әубәкір Нілібаев көп көкейіндегі ордалы ойды былайша түйіндеген:

– Иманғалидың жүз кітабының бауы берік болсын! Кітапқа сусап отырған әдебиетіміздің таңдайы бір жіпсіп қалатын шығар.

Шындығында "іштен шыққан шұбар жылан" – кітабын көрген жазушылардың қуанышы бөлек екен-ау...

Ал осы 100 кітаптың тең жартысына жуығы түрлі сыйлықтарға ие болып, 20 шақты жас Жазушылар одағына мүшелікке қабылданды.

ҰТҚЫЗУ МЕН ЖҰТҚЫЗУ

Астаналық қаламгерлердің кезекті жиыны. Жазушылар одағының хатшысы, елорда бөлімшесінің жетекшісі Алдан Смайыл болашақта атқарылар жұмыс шараларының ұзын-ырғасын шолып өткен. Еркін ой бөлісу, еркін пікірталасы... Ортақ әңгіменің өзегі – қайтсек бөлімше жұмысын жандандырамыз, ақын-жазушыларымыздың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартамыз. Көкейде жүрген көп ойлар айтылған.

– Үлкен үйден арнайы кеңселік ғимарат сұрайық.

– Қалалық өкімшілікке хат жазып, жер беруін өтінейік.

– Қаламгерлерге көмек ретінде қосымша қаржы көзін жасау үшін газет пен журнал ма, әйтеуір, бір басылым ашсақ жөн болар...

Жазушылар Болат Бодаубай, Жолтай Әлмашұлы, Әлібек Асқаров, Арғынбай Бекбоysin өз ой-ұсыныстарын жарыса білдірген. Қаламдас әріптестерінің кейбір пікірлерін қоштаған жазушы Өнес Сарай:

– Жігіттер дұрыс айтып жатыр. Әдеби-көркем бір жаңа журнал ашып көрсек қайтеді? – Маңайына маңғыз көз сүзген. – Ортамызда Әлібек бауырымыздың өзі отыр. Тендер өткізіп ұтқызып берсін. Жағдайымыз біршама тәуірленіп қалмай ма?

Осы мезетте сөзге қыстырылған Қонысбай Әбіл:

– Ұтқызу үшін – жұтқызу керек қой, – деді мырсылдап.

ӘРІПТЕСІҢ ӘЗІЛІ

Кезінде әзіл-оспақ пен сын-сықақтың сардары Оспанхан Әубәкіровтен бата алған Көпен Әмірбек бұл күнде қазақ сатирасының белді уықтарының бірінен саналады. Қара сөзбен де, елең-жырмен де сықақ қазанын қайнатқан, тілінің бізі бар қушықеш өріптесі жайында ақын Несіпбек Айтов бірде былай депті.

Қазақстанда қу-ә, Көпен, Қытайда бар Хуа Гофен. Екі «жауыз» бір заманда, Қалай ғана туады екен.

(Басы өткен сандарда, жалғасы бар).